

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің жекелеген ұйымдарын қайта ұйымдастыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 13 ақпандағы № 128 қаулысы

«Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 178-бабының 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. «Астана дипломатиялық корпусына қызмет көрсету жөніндегі басқарма» акционерлік қоғамы оған жарғылық капиталына мемлекет жүз пайыз қатысатын «Дипломатиялық корпусқа қызмет көрсету жөніндегі басқарма» акционерлік қоғамын қосу жолымен қайта ұйымдастырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетімен бірлесіп, заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер бекітілсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

С. Ахметов

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 3 ж ы л ғ ы 1 3 а қ п а н д а ғ ы

№ 1 2 8 қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер

1. «Алматы қаласының аумағында орналасқан ұйымдар мен объектілерге қатысты мемлекеттік меншік түрлері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 9 қарашадағы № 1141 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1998 ж., № 4 1 , 3 7 1 - қ ұ ж а т) :

көрсетілген қаулымен бекітілген мемлекеттік республикалық меншікте қалатын ұйымдардың, сондай-ақ тұрғын емес қор объектілерінің тізбесінде: р е т т і к н ө м і р і 394-жол а л ы н ы п т а с т а л с ы н .

2. «Акциялардың мемлекеттік пакеттеріне мемлекеттік меншіктің түрлері және ұйымдарға қатысудың мемлекеттік үлестері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 12 сәуірдегі № 405 қаулысында (Қазақстан Республикасының

ПҮАЖ-ы, 1999 ж., № 13, 124-құжат):
көрсетілген қаулымен бекітілген акцияларының мемлекеттік пакеттері мен үлестері
республикалық меншікке жатқызылған акционерлік қоғамдар мен шаруашылық
серіктестіктердің тізбесінде:

«Алматы қаласы» деген бөлімдегі реттік нөмірі 123-56-жол алынып тасталсын.

3. «Республикалық меншіктегі ұйымдар акцияларының мемлекеттік пакеттері мен
мемлекеттік үлестеріне иелік ету және пайдалану жөніндегі құқықтарды беру туралы»
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы № 659 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген иелік ету және пайдалану құқығы салалық
министрліктерге, өзге де мемлекеттік органдарға берілетін республикалық меншік
ұйымдарындағы акциялардың мемлекеттік пакеттерінің және қатысудың мемлекеттік
үлестерінің тізбесінде:

«Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі» деген бөлімде реттік нөмірі
239-1-жол алынып тасталсын.

4. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 28.08.2015 № 683 қаулысымен.**